

ҚОЛДАНБА. CAJAS мақалаларына қойылатын талаптар

Редакция бұрын өзге басылымдарда жарияланбаған, жалпы ғылыми және этикалық нормаларды ескере отырып дайындалған ғылыми мақалаларды ғана қабылдайды. Мақала тақырыбы журналдың негізгі айдарларының біріне сәйкес келуі тиіс.

Журнал редакциясына:

1) Microsoft Word электронды форматтағы мақаланың авторлық түпнұсқасы (редакцияға жіберу үшін файл атауының мысалы: Tarantino_Article_CAJAS немесе Иванов_CAJAS).

Қаріп: Times New Roman

Кегль: 14 pt

Жоларалық интервал: 1,0 (бір стильдегі абзацтар арасындағы интервалсыз).

Мақала көлемі: Бос орындарды қоса есептегенде 18-30 мың белгі (аңдатпаны, тірек сөздерді, қосымшаларды, қолданылған әдебиеттер тізімін есепке алмағанда).

2) Мәтін құрылымы:

1. Журнал бөлімі: философия, өнертану, педагогика, ревью.
2. Мақаланың тақырыптық мазмұнын ашатын МРНТИ индекстері (сол жақ жоғарғы бұрышта **жартылай қаралау** қаріпімен).
3. Автор/авторлар туралы мәліметтер (оң жақ жоғарғы бұрышта *курсивпен*) — ТАӘ (толық), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, құрметті атағы, лауазымы, жұмыс (оқу) орны, оның ішінде бөлімшесі (бар болса ORCID, SPIN-коды) электрондық пошта мекенжайы.

Студенттер, магистранттар, докторанттар ғылыми жетекші туралы барлық мәліметтерді көрсетеді және ғылыми жетекшінің пікірін жетекші қызмет жасайтын ұйымның қолы мен мөрі арқылы растап, скан-көшірмелерін JPEG немесе PDF-форматта жіберуі тиіс.

1. Мақаланың атауы (**Жартылай қаралау** қаріпімен **ЖОҒАРҒЫ** регистрде, ортасында)

2. Аңдатпа: мақаланың қысқаша мазмұны келесі құрылым бойынша дайындалуы тиіс: мәселенің өзектілігі мен жаңалығы, басты мазмұнды аспектілер, зерттеу әдістері, нәтижелер. Көлемі: 80-120 сөз. Мақала атауынан кейін бос орын тасталуы арқылы орналастырылады. Мәтінді ені бойынша туралау.

3. Мақала мен аңдатпа мәтініне сәйкес тірек сөздер (8-10 сөз). Мәтінді ені бойынша туралау.

4. Мақаланың негізгі мәтіні: кіріспе, әдістер, нәтижелер, пікірталас, қорытынды бөлімдері бойынша құрылымдалады. Негізгі мәтінді ені бойынша туралау.

5. Пайдаланылған әдібиеттер/дереккөздер. Мәтінді ені бойынша туралау.

6. Автор туралы мәлімет.

Егер мақала орыс тілінде болса, қосымша барлық мәліметтер (автор/авторлар туралы ақпарат, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс/оқу орны, оның ішінде бөлімше, электрондық пошта мекенжайы, мақаланың атауы, аңдатпа, тірек сөздер (орыс мәтініндегі сияқты көлемде және сол тәртіп бойынша) **ағылшын және қазақ тіліне** (шетелдік авторларға тек ағылшын тіліне), сондай-ақ **атауы, аңдатпа, тірек сөздер аударылады.**

Егер мақала қазақ тілінде болса барлық мәліметтер орыс және ағылшын тілдеріне аударылады.

Егер мақала ағылшын тілінде болса барлық мәліметтер қазақ және орыс тілдеріне аударылады.

Мәтіндегі инициалдар тегі бар АЖЫРАМАЙТЫН БОС ОРЫН арқылы теріледі («Ctrl» + «Shift» + «бос орын» пернелерін бір мезгілде басу).

Мәтінде «...» тырнақшалары қолданылады. Егер ішкі және сыртқы тырнақшалар болса, онда сыртқыға «шыршалар», ішкіге «іздер» – «...“...”» қойылады.

Мәтінде «Ctrl» + «Alt» + «-» пернелерін бір мезгілде басу арқылы алынатын ұзын сызықша (—), сондай-ақ дефис (-) қолданылады.

Тізімдер мен тізбелерде мәтіндік редактордың автоматты нөмірленуі қолданылмайды.

Инфографика, оның ішінде кестелер, сызбалар, суреттер мен формулалар мәтінде нөмірленуі тиіс; сызбалар мен кестелердің аттары болады және де олар сызбалар мен кесте жолағының үстінде орнасады, ал, әрбір суреттің астында толық мәліметтер болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі (5-тен 10-ға дейін) Мемлекеттік стандартқа сәйкес мәтіндік библиографиялық сілтемелер түрінде рәсімделеді, мақала соңында жазылады. Басылымның қаласы толығымен, соның ішінде Мәскеу, Ленинград және т. б.

Дәйексөздер **мақалада ескертпе/дереккөз ретінде беріледі.** Тізімге негізгі мәтіндегі сілтемелер төртбұрышты жақшада беріледі [тізімдегі дереккөз нөмірі, бет] (мысалы, [8, 10–15 б.; 9, 128 б.]).

Дәйексөзге қайталап сілтеме жасау қажет болған жағдайда ескертпе дәйексөздің алғашқы нөміріне беріледі. Қайталанған және кешенді сілтемелер қолданылмайды. Екінші және одан кейінгі сілтемелердің тақырыптарын (журналдардың атауларын) «Оны да», «Ол да», «Сол жердегі» және т. б. ауызша эквиваленттермен ауыстыруға болмайды.

Әдебиеттер тізімін рәсімдеу кезінде мәтіндік редактордың автоматты нөмірленуі қолданылмайды, реттік нөмір сілтеменің мәтінінен табуляция белгісімен бөлінеді. Библиографиялық сипаттаманың салаларын бөлетін «нүкте» және «сызықша» белгілері нүктемен ауыстырылады. Электрондық ресурстарға жүгінген барлық библиографиялық сілтемелерде міндетті түрде қарастырылған күні көрсетіледі. **Баспа түріндегі ғылыми, арнаулы немесе көркем әдебиетке жүгіну құпталады.**

Интернет-ресурстардан сілтеме жасау кезінде автордың (авторлардың) аты-жөнін, жұмыстың нақты атауын, сипатталған құжатты жариялаған ресурстың атауын, сондай-ақ порталдың/сайттың веб-бетіне (материал алынған сайттың басты бетіне емес) нақты сілтемені, **қарастырылған күнін** және т. б. барынша толық көрсету қажет.

Мақала мәтінде ғалымдар мен зерттеушілер есімдерін қолданған жағдайда олардың жұмысына сілтемелер берілуі тиіс.

Ескертулер сілтеме түрінде рәсімделеді. Сілтеме белгісі түсініктеме берілген сөзден, саннан, символдан, сөйлемнен кейін қойылады. Тізімдегі файл атаулары ұсынылатын фотоматериалдардың атауларына/нөмірлеріне сәйкес келуі тиіс.

3) Көрнекі материалдар

Мақаланың авторлық түпнұсқасымен бірге электрондық редакция жүйесі арқылы сапасы 300 dpi-ден кем емес TIFF/JPG форматында қосымша материал ретінде жеке файлдармен электронды түрде ұсынылады. Microsoft Word-қа импортталған иллюстрацияларды, сондай-ақ олардың ксерокөшірмелерін ұсынуға болмайды.

Кестелер, сызбалар, диаграммалар мен графиктер графикалық материалдарды редакциялауға болатын бастапқы деректерді қамтитын Microsoft Word немесе Microsoft Excel форматындағы файлда ұсынылады.

Көрнекі материал мен инфографика жоғары сапалы қара-ақ баспаға бейімделуі тиіс.

Автор барлық суреттердің төменгі жағына толық мәліметтерді ұсынуы тиіс (авторлық мәтіні бар файлға қосылады).

Мақалалардың авторлары мақалалардың мазмұнына және олардың жариялануының жауап береді. Редакция авторлардың пікіріне әрдайым қосыла бермейді және жарияланатын деректердің бұрыстығы үшін жауапты емес. Журнал редакциясы мақаланы жариялаудан туындаған зиян үшін авторлар мен үшінші тұлғалар немесе ұйымдар алдында ешқандай жауапкершілік алмайды.

**ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАН ТАЛАПТАРҒА САЙ
РӘСІМДЕЛМЕГЕН МАҚАЛАЛАР ЖАРИЯЛАНЫМҒА
ҚАБЫЛДАНБАЙДЫ.**

Философия

МРНТИ 02.61.25

Igor D. Lebedev ¹

¹ T. K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts
(Almaty, Kazakhstan)

COMMUNICATION OF KAZAKH TRADITIONAL MUSIC WITH THE PHENOMENONS OF THE GREAT SILK ROAD

Abstract: The article considers the significant role of the music in the life of Kazakhs, the music that was in for centuries on the Great Silk Road.....
(100–150 слов).

Keywords: phenomenology, intentionality, music culture, Silk Road, Kazakhs, history and genesis of instruments, folklore, performance (7–10 слов).

Кіріспе

Considering examples of the phenomenological approach of musical phenomena, I would like to draw attention to the similarities and differences in the study of the culture of the Great Silk Road [Figure 1]. As it is known, close intercultural relations led to the creation of original works of art in which the syncretism of the Iranian, Chinese, Sogdian and Turkic cultural traditions known to scientists was manifested. These elements intertwined so closely that researchers attributed them equally to western or eastern influences [1, p. 50].....



Figure 1. The Map of the Silk Road passing through Kazakhstan from China to Rome

Әдістер

Phenomenological method of investigation. Principles of phenomenological research – consider such issues as non-proximity, evidence, intentionality.

.....

Нәтижелер

That is, I continue to exist as a particular soul or as an empirical subject in consciousness experiencing concrete facts of what is happening in music, and not as an entity, while admitting the absence of an external world and even my own body. These formulations suit one of the reduction methods and are applicable in the problem under study.....

Пікірталас

The worship of the heavenly Tengri, Jer-Su and Umai, ancient Turkic gods and goddesses, in the traditional beliefs of the proto-Kazakhs is determined by the unique cultural sense of the world view.....

Қорытынды

We hope that the phenomenological methods and principles and their application in the studies of the heritage of the Great Silk Road will also be basic. When phenomenology steps over psychology and subjectivism, art seeks to return the phenomena of existence as a whole. It attempts to formalize and preserve it, to assert it as a measure standard in the sphere of human existence in history.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Монография мен кітаптарды рәсімдеу үлгісі:

Сау Н. И. Дети приходят в театр. – Москва: Искусство, 1961. – 312 с.

Газет, журналдарды рәсімдеу үлгісі

Сметова, А. А., Мукашева, А. Б. Становление и развитие дирижерско-хорового образования в Казахстане // Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2015. – №1 (44). – С. 4 – 10.

Мақалалар мен конференция жинақтарын рәсімдеу үлгісі:

Марченкова А., Марченков А. Д. Художественный образ в хореографическом искусстве // Актуальные задачи педагогики: материалы III международной научной конференции. – Чита: Молодой ученый, 2013. – С. 25 – 32.

Электрондық ресурстарды рәсімдеу үлгісі:

Подкорытова М. О. За кулисами Cirque Eloize. Как создается шоу о любви [Электронный ресурс] // Официальный сайт сетевого издания Uralweb.ru / URL: <http://www.uralweb.ru/pages/provereno/6462.html> (Дата обращения: 19.04.17).

References:

1. Yazykov, E. L. Nekotorye voprosy metodiki repetitsionnoi raboty s khorom [Some questions of the methodology of rehearsal work with the choir] // Yuzhno-Rossiiskii muzykal'nyi al'manakh [South Russian Musical Almanac]. – 2019, No3. – P. 41 – 49 (in Russian).

И. Д. Лебедев

*Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясы,
(Алматы, Қазақстан)*

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАСЫНЫҢ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ ФЕНОМЕНДЕРІМЕН ӨЗАРАҚАТЫНАСЫ

Аңдатпа: Мақалада Ұлы Жібек Жолында ғасырлар бойы туған қазақ өміріндегі музыканың ерекше рөлі қарастырылады.....

Тірек сөздер: феноменология, интенционалдылық.....

И. Д. Лебедев

*Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова
(Алматы, Казахстан)*

КОММУНИКАЦИЯ КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИОННОЙ МУЗЫКИ С ФЕНОМЕНАМИ ВЕЛИКОЙ ШЕЛКОВОЙ ПУТИ

Аннотация: В статье рассматривается особая роль музыки в жизни казахов, рожденная веками на Великом Шелковом Пути.....

Ключевые слова: феноменология, интенциональность.....

Author's bio: Igor Lebedev — Professor of the Kazakh national Academy of arts. After T. K. Zhurgenov, doctor of philosophical Sciences,
email: idlebedev2020@gmail.com

Автор туралы мәлімет: Игорь Лебедев — Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры.
email: idlebedev2020@gmail.com

Сведения об авторе: Игорь Лебедев — Профессор Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова, доктор философских наук,
email: idlebedev2020@gmail.com

Сведения об авторе: Игорь Дмитриевич Лебедев — доктор искусствоведения, профессор Казахской национальной академии искусств им. Т. К. Жургенова.

email: idlebedev2020@gmail.com

Author's bio: Igor D. Lebedev — Doctor of Art Sciences, Professor of the T. K. Zhurgenov Kazakh national academy of arts.

email: idlebedev2020@gmail.com

Автор туралы мәлімет: Игорь Дмитриевич Лебедев — өнертану докторы, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры.

email: idlebedev2020@gmail.com